

Жылқылардың инфекциялық ауруларының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 608 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 26 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3226. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына с ә й к е с ,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) жылқының инфекциялық анемиясының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық ережелер;
- 2) жылқы тұмауының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық ережелер;
- 3) сақаудың алдын алу және жою бойынша ветеринариялық ережелер бекітілсін.

2. Ветеринариялық департаментіне, Ауыл шаруашылық министрлігінің облыстық аумақтық басқармаларымен, Астана және Алматы қалалары бірлесе отырып, заңнамада белгіленген тәртіпте, осы бұйрықтан туындайтын керекті шаралар қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2004 жылғы 28 қазандағы N 608
бұйрығымен бекітілген

Жылқының инфекциялық анемиясының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық ережелер

Осы Жылқының инфекциялық анемиясының алдын алуын және жою бойынша ветеринариялық ережелер (әрі қарай - Ветеринариялық ережелер) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың орындауға міндетті ветеринариялық шараларын ұйымдастыру және орындау тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Жылқының инфекциялық анемиясы тақ тұяқты жануарлардың, дене қызуының тұрақты немесе аумалы төкпелі қызбасымен, қан аздығымен, жүрек жүйесінің жұмысының бұзылуымен ерекшеленетін вирустық ауру.

Табиғи жағдайда барлық жастағы жылқылар, есектер, қашырлар ауырады.

Көп жағдайда ауру созылмалы түрде өтеді. Жіті және жігіден төмен түрлері сирек тіркеледі. Жұқпалы анемиямен ауырып жазылған жылқылар өмір бойы вирус тасымалдаушы болып қалады.

Аурудың қоздырушысы негізінен қан сорғыш жәндіктер арқылы таралады.

2. Жылқының инфекциялық анемиясына диагноз клиникалық және патологоанатомиялық белгілерінің, індеттанулық деректер және зертханалық зерттеулердің нәтижелері негізінде қойылады.

2. Ветеринариялық-санитарлық таза аумақтағы жылқының инфекциялық анемиясының алдын алу үшін жүргізілетін шаралар

3. Меншігінде тақ тұяқты жануарлар бар, жеке және заңды тұлғалар жылқының инфекциялық анемиясының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің "Жеке және заңды тұлғалардың міндетті түрде орындайтын ветеринариялық шараларының ережесі" 2002 жылғы 14 қарашадағы N 367 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 18 желтоқсан 2002 жылғы N 2088 тіркелген ережелерге сәйкес жыл сайын жоспарлы түрде оларды диффузиялық преципитация әдісімен тексертеді. Сондай-ақ, жануарлар мынадай жағдайларда да тексеріледі:

1) асыл тұқымды және қолданыстағы малдар ветеринариялық-санитарлық таза аумақтан тысқары шығарылғанда, жіберілуге 30 күн қалғанға дейін;

2) жаңадан әкелген малдарды карантиндеу кезеңінде;

3) биологиялық өнеркәсіпте продуцент ретінде әкелінген жылқыларды арасына 30 күн салып 2 рет тексеруге, ал кейінірек жылына 2 рет тексеруге.

4. Шаруашылық субъектілерін жылқының инфекциялық анемиясынан таза пункттердің малдарымен толықтыруға.

3. Жылқының инфекциялық анемиясының індет ошағында және одан таза емес пункттерде жүргізілетін шаралар

5. Шаруашылық субъектілерінде жануарлардың инфекциялық анемиясы байқалғанда, сол шаруашылық субъектісінің ветеринария маманы тез арада әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына хабарлауы тиіс.

6. Әкімшілік аумақтың бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы жылқының инфекциялық анемиясымен жануарлардың ауырғаны туралы күдікті хабарды алысымен диагнозды анықтауға, індеттанулық талдау жүргізуге, індет ошағының және індеттен таза емес пункттің шекарасын анықтауға тез арада сол жерге келеді. Ауру малдардан патологиялық материалдар алып ветеринариялық зертханаға жібереді.

7. Қазақстан Республикасының Ветеринария туралы Заңының 26 бабына сәйкес әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органның шешімімен, жылқының инфекциялық анемиясы шыққан аурудан таза емес пунктке карантин қойылады.

8. Карантиннің шарттары бойынша рұқсат етілмейді:

1) шаруашылық субъектілерінің аумағына тақ тұяқты жануарларды әкелуге және одан тыс қары шығаруға;

2) шаруашылық субъектілерінің ішінде бейім жануарларды қайтадан топтастыруға (ауру малдарды оқшаулаудан басқа), сондай-ақ ауру малдармен сау малдардың жайылымының, суаттарының бірге болуына және бірге ұсталуына;

3) жылқылардан алынатын қан сарысуларын инфекциялық анемияның вирусынан залалсыздандырмай сатуға;

4) карантинделген пункттегі жеке және заңды тұлғалардың жылқыларының қымызын сыртқа шығарып сатуға.

9. Індеттен таза емес пункттегі барлық жылқыларға, есектерге, қашырларға клиникалық бақылау жүргізеді және инфекциялық анемияға диффузиялық преципитациялау әдісімен тексереді.

10. Инфекциялық анемиямен ауырған малдар оқшауланып сойылады да техникалық өңдеуге жіберіледі.

11. Мал қоралары, ауру малдар бөлініп алынғаннан кейін, карантиндеу мерзімі біткенге дейін әрбір 15 күн сайын дезинфекцияланады.

12. Көң биотермиялық жолмен залалсыздандырылады.

13. Инфекциялық анемияға серологиялық тексеру кезінде оң нәтиже немесе арасына 7-10 күн салып тексерілгенде 2 рет күмәнді нәтиже берген және

клиникалық белгілері (дене қызуының көтерілуі, домбығу, арықтау) байқалмаған малдар санитарлық қасапханада сойылады. Тамаққа жарамды ет, пісіру арқылы залалсыздандыруға немесе консерві дайындауға жіберіледі. Малдың басы, сүйектері, ішкі ағзалары утильденеді. Тері дезинфекцияланады.

14. Индеттен таза емес пункттегі диффузиялық преципитациялау әдісімен тексерілгенде теріс нәтиже берген қалған тақ тұяқты жануарлар, осы әдіспен арасына 30 күн салып үйір бойынша 2 рет теріс нәтиже алынғанға дейін қайтадан тексеріледі.

15. Серологиялық тексеруде оң нәтиже берген биелерден алынған құлындар, инфекциялық анемияға диффузиялық преципитациялау әдісі арқылы арасына 30 күн салып 2 рет тексеріледі. Екі рет теріс нәтиже берген құлындар таза деп есептеледі.

16. Бірінші немесе екінші рет тексергенде күмәнді нәтиже берген құлындар 7-10 күннен кейін қайтадан тексеріледі. Оң және екі рет күмәнді нәтиже берген құлындар сойылуға жатады.

17. Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органның шешімімен, карантин жылқының инфекциялық анемиясынан таза емес пункттен, барлық ауру және диффузиялық преципитациялау әдісімен тексергенде оң нәтиже берген малдар сойылғаннан, қалған тақ тұяқты жануарларды арасына 30 күн салып тексергенде 2 рет теріс нәтиже алынғаннан кейін, сондай-ақ қорытынды ветеринариялық іс-шаралар жүргізілгеннен кейін алынады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2004 жылғы 28 қазандағы N 608

бұйрығымен бекітілген

Жылқы тұмауының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық ережелер

Осы Жылқы тұмауының алдын алу және жою бойынша ветеринариялық ережелер (әрі қарай - Ветеринариялық ережелер) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың орындауға міндетті ветеринариялық іс шаралардың ұйымдастыру және орындау тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Жылқының тұмауы тыныс ағзаларының зақымдануымен және дененің оқтын-оқтын қызынуымен ерекшеленетін жіті өтетін аса жұғымтал ауру.

Аурудың қоздырушысы құрамында рибонулеин қышқылы бар ортомиксовирус туыстығындағы А типтегі вирус.

Табиғи жағдайда жасына, жынысына қарамай барлық жылқылар ауырады.

2. Жылқының тұмауына диагноз клиникалық және патологоанатомиялық белгілерінің, індеттанулық деректер және зертханалық зерттеулердің нәтижелері негізінде қойылады.

2. Ветеринариялық санитарлық таза аумақтағы жылқының тұмауының алдын алу үшін жүргізілетін шаралар

3. Меншігінде жылқылары бар жеке және заңды тұлғалар, тұмаудың алдын алу мақсатында мынандай шараларды жүргізеді:

1) жыл сайын жылқыларды ветеринариялық мамандарға тұмауға қарсы е к к і з е д і ;

2) шаруашылық субъектісіне ауру және тұмауға күдікті жылқыларды әкелуге т и ы м с а л ы н а д ы ;

3) барлық жаңа әкелінген жылқыларды 30 күн бойы карантинде ұсталады.

4. Импортталатын жылқылар тұмау вирусінің екі типіне қарсы егілуі және әкеткенге дейінгі сегіз апта, не болмаса екі апта ішінде қайтадан тұмауға қарсы егілуі тиіс.

3. Жылқының тұмауының індет ошағында және одан таза емес пункттерде жүргізілетін шаралар

5. Шаруашылық субъектісінде жылқының тұмауы байқалғанда, сол шаруашылық субъектісінің ветеринария маманы тез арада ол туралы әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына хабарлайды.

6. Әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы жылқылардың тұмаумен ауырғаны туралы хабарды алысымен, аурудың диагнозын; індет ошағының және аурудан таза пункттің шекарасын анықтауға тез арада сол жерге келеді. Ауырған малдардан патологиялық материалдар алып оларды ветеринариялық зертханаға жібереді.

7. Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 27 бабына сәйкес әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органның шешімімен жылқы тұмауынан таза емес пунктке карантин қойылады.

8. Карантин шарты бойынша рұқсат етілмейді:

1) шаруашылық субъектісінің аумағына жылқыларды әкелуге және сыртқа

ш ы ғ а р у ғ а ;

2) шаруашылық субъектісінің ішінде оқшауханадағы ауру малдардан басқа жылқаларды қайтадан топтастыруға, сондай-ақ ауру жылқылардың сау жылқылармен жайылымда, суаттарда және қорада бірге болуына.

9. Ауру және ауруға күдікті жылқыларды оқшаулап емдейді.

10. Ауру және ауруға күдікті жылқылар тұрған қораларды әрбір 10 күн сайын 2% күйдіргіш натрий ерітіндісімен дезинфекциялайды.

11. Көнді және төсенішті биотермиялық әдіспен залалсыздандырады. Өлген малдардың өлекселерін утильдейді.

12. Сау жылқыларды вакцинамен егеді.

13. Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 27 бабына сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органның шешімімен шаруашылық субъектінде соңғы ауырған мал тіркелген 15 күннен және қорытынды іс шаралары жүргізілгеннен кейін карантин алынады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 8 қ а з а н д а ғ ы N 6 0 8

бұйрығымен бекітілген

Сақаудың алдын алу және жою бойынша ветеринариялық ережелер

Осы Сақаудың алдын алу және жою бойынша ветеринариялық ережелер (әрі қарай - Ветеринариялық ережелер) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті ветеринариялық шаралардың ұйымдастыру және орындау тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Сақау созылмалы өтетін, теріде кілегей қабықтарында және ішкі ағзаларда түйіндердің пайда болуымен ерекшеленетін малдың және адамның жұқпалы а у р у ы .

Қоздырушысы *Streptococcus equi* - қозғалмайтын, спора түзбейтін, грамм оң к о к т а р т і з б е г і .

Сақаумен 6 айдан 5-жасқа дейінгі жылқылар және басқа да тақ тұяқтылар (есек, қашыр) жануарлар ауырады.

2. Диагноз індеттанулық деректердің (бір уақытта жас жылқылардың ауырғаны), клиникалық белгілерінің (дене қызуы, мұрын қуысының кілегей

қабығының қабынуы жақ асты сөл түйіндерінің қабынуы) және зертханалық зерттеулердің (сөл түйініндегі іріңнен сақаудың қоздырушысы строптококктарды табу) негізінде қойылады.

2. Ветеринариялық санитарлық таза аумақтағы сақаудың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар

3. Меншігінде жылқылары бар жеке және заңды тұлғалар, сақаудың алдын алу мақсатында Ауыл шаруашылығы министрінің "Жеке және заңды тұлғалардың міндетті түрде орындайтын ветеринариялық іс шараларының ережесі" 2004 жылғы 14 қарашадағы N 367 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 18 желтоқсан 2002 жылғы 2088 тіркелген ережелерге сәйкес мынадай шаралар жүргізеді:

- 1) жылқыларды ветеринариялық мамандарға тексеруден өткізуге апарды;
- 2) жануарларды құнды жем шөппен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 3) құлындарды сақа жылқылардан бөлек ұстайды;
- 4) жылқыларды әкелу және жем сатып алу тек аурудан таза шаруашылық субъектілерінен жүзеге асырылады;
- 5) барлық сырттан әкелінген жылқыларды 30 күн бойы профилактикалық карантинде ұстайды;
- 6) бес жасқа дейінгі жануарларды жыл сайын ветеринариялық мамандарға сақауға қарсы егуге апарды;
- 7) жыл сайын қораларда профилактикалық дезинфекция жүргізеді.

3. Сақау індетінің ошағында және одан таза емес пункттерде жүргізілетін шаралар

4. Шаруашылық субъектінде жылқылардың сақаумен ауырғаны байқалғанда, сол шаруашылық субъектісінің ветеринария маманы тез арада ол туралы әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына хабарлайды.

5. Әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы жылқылардың сақаумен ауырғаны туралы хабарды алысымен, аурудың диагнозын, індет ошағының және аурудан таза емес пункттің шекарасын анықтауға тез арада сол жерге келеді. Ауру жылқылардан патологиялық материалдар алып ветеринариялық зертханаға жібереді.

6. Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органның шешімімен сақадан таза емес пунктке шектеу қойылады.

7. Шектеудің шарттары бойынша рұқсат етілмейді:

1) індеттен таза емес шаруашылық субъектісінен жылқыларды және жем шөпті тасымалдауға;

2) шаруашылық субъектісінің ішінде жылқыларды топтастыруға;

3) шаруашылық субъектісінің аумағына бөтен адамдардың келуіне.

8. Барлық қалған жылқыларды алдын алу мақсатында иммундейді.

9. Жылқыларды күн сайын дене қызуын өлшеп клиникалық байқаудан өткізеді.

10. Көнді, төсенішті, жем шөп қалдықтарын биотермиялық жолмен залалсыздандырады.

11. Мал тұрған қораларды тазалайды және дезинфекциялайды.

12. Қазақстан Республикасының Ветеринария туралы Заңының 27 бабына сәйкес, әкімшілік аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органның шешімімен шаруашылық субъектісінен соңғы сақаумен ауырған мал тіркелген 15 күннен және қорытынды шаралары жүргізілгеннен кейін барып, шектеу алынады.